

## Қазақстан Республикасының Су қоймаларында азаматтардың қауіпсіздігін сақтау типтік ережелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің 1997 жылғы 17 желтоқсандағы N 48 ҚАУЛЫСЫ. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 18 сәуір N 498 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 469 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкіміне сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізуін қадағалау және тау-кен қадағалау комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

**Министр**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Өнеркәсіптегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізуін қадағалау және тау-кен қадағалау комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

3. "Қазақстан Республикасының су қоймаларындағы азаматтардың қауіпсіздік үлгі ережесі" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 17 желтоқсандағы N 48 қаулысы...

---

### **Қазақстан Республикасының Су қоймаларында азаматтардың қауіпсіздігін сақтау типтік ережелері**

#### **I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы Тәртіп Қазақстан Республикасының Су қоймалары көпшілік демалысы, туризм және спорт мақсатында пайдалану ретін белгілейді.

1.2. Тәртіп меншіктің барлық түріндегі су қоймаларын пайдаланушы және иелік етушілердің суда азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттері мен жауапкершілігін айқындайды.

1.3. Жергілікті атқаруши органдар азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында суға шомылуға, қайықпен серуендеуге және көпшілік демалысының өзге түрлерін ұйымдастыруға тыйым салынатын орындарды айқындайды, сондай-ақ өздерінің аумақтық шекарасының шегінде орналасқан су қоймаларын жалпы пайдаланудың өзге де шарттарын белгілейді.

1.4. Құтқару күзеттерінсіз, даярлықтан өткен құтқаруши кадрларсыз және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің Суда құтқару қызметі республикалық орталығының аумақтық органдарының және Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының тиісті рұқсатынсыз су қоймалары жағасында жағажай, еңбек және демалыс лагерьлерін, базаларын, су стансаларын және көпшілік демалатын өзге нысандар ашуға т ы ы м с а л ы н а д ы .

1.5. Меншіктің барлық түріндегі ұйымдар өздеріне бекітілген су қоймаларында адам өмірін қорғауды қамтамасыз ету, құтқару күзеттерін жабдықтап, күтімде ұстай ісіне жауап береді. Құтқарушыларды оқытууды олардың қаражаты есебінен Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің Суда құтқару қызметі республикалық орталығының қызметкерлері ж ү р г і з е д і .

1.6. Суда экскурсия, спорт жарыстарын және мейрам өткізген кезде кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары суда азаматтар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты адамдар бөлуге және құтқару күзеттерін қоюға м і н д е т т і .

1.7. Ведомстволық және қоғамдық құтқару күзеттерінің жұмысына бақылау жасау осы күзеттер бағынатын ұйымдардың әкімшілігіне, сондай-ақ Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің Суда құтқару қызметі республикалық орталығының аумақтық бөлімшелеріне жүктеледі.

1.8. Жағажайларда, су маңында көпшілік демалатын орындарда, жалға қайық беретін стансаларда және шағын кемелердің тұрақ базаларында, өткелдер мен айлақтарда аталған құралдар мен жұзу жабдықтарын пайдаланған кезде қауіпсіздік сақтаудың тәртібі ілінуі тиіс.

1.9. Меншіктің барлық түріндегі ұйымдардың басшылары халық демалатын орындарда топырақ алу, мұз ою қоймаларының түбін тереңдету жұмыстарын жүргізген кезде учаскелерді қоршап қоюға, ал жұмыс аяқталғаннан кейін су та б а н ы н т е г і с т е у г е м і н д е т т і .

1.10. Суға түсу маусымының ұзақтығы, су спорты және құтқару стансаларының, жағажайлардың, жұзу әуіттерінің жұмыс сағаты жергілікті атқару органымен және осы нысандар бағынатын ұйымдар басшыларымен келісе отырып б е л г і л е н е д і .

1.11. Су қоймалары бетінде дербес құтқару жабдығының балық аулауға, аңшылық құруға тыйым салынады.

**2. Жағажайларды, жүзу әуіттерін және су жағасында көпшілік демалатын орындарды пайдаланған кездегі қауіпсіздік шаралары**

2.1. Жағажайларға және су жағасында көпшіліктің демалуы үшін бөлінген орындарға қойылатын талап:

- суға шомылатын орынның және оған тақау төніректің жағалау аумағы "Елді мекендер аумағын күтіп ұстаудың санитарлық ережесіне" және "Дене тәрбиесі мен спорт сабактарын өткізетін орындарды құрып, күтіп ұстаудың санитарлық ережесіне" сәйкес келуі керек;

- су қоймасының түбі тығыз, жағадан бастап бірте-бірте еңіс тарта беретін болуы, 1,75 м терендікке дейін және жағадан бастап есептегенде ең кемі 15 м белдеуде құламасыз, жарғабақсыз болып келуі, шырмауықты су өсімдіктерінен, ағаш түбіртегі, таскесек, шыны, шыны құты және өзге заттардан таза болуы тиіс (теңіз бен өзеннің суға шомылатын айдын беті бір ересек адамға 5 шаршы м, балаға 4 м, ал тұйық суда 10-нан 15 шаршы метрге дейін келуі керек);

- жағажайлар мен көпшілік демалатын орындар жергілікті атқару органдары белгілеген қашықтықта, бірақ ақаба сулар құйылатын тұстан кемі 500 м жоғары және порт ғимараттарынан, пирстерден, кеме тоқтайтын жерлерден, паром өткелдерінен және мұнай өнімдері сақталатын орындардан кемі 1000 м төмен орналасуы керек. Жағажайға құлайтын жер жайпақ болуы тиіс;

- су нысанының шомылуға бөлінген бөлігінде төмен температуралы жер асты су көздері, су үйірімдері мен шұңқырлар болмауы керек, бұл тұстардағы ағынның жылдамдығы секунтына 0,5 м-ден аспауы тиіс, ағын жылдамдығы жоғары жерлерге оны бәсексітін қосымша құралдар қондырылуы керек.

- су қоймасындағы судың сапасы мәдени-тұрмыстық су пайдалану пункттерінің су нысандарындағы судың құрамы мен айырым қасиетіне қойылатын гигиеналық талаптарға сай болуы керек.

2.2. Суға шомылатын орынның 1,2 - 1,3 терендігіне су өлшейтін шыбық шаңшылады.

Суға шомылатын орынның жүзу шекаралары бір-бірінен 25 - 30 м қашықтықта және терендігі 1,3 м болатын тұстан әрі 25 метрге дейінгі жерде орналасатын сарғылтый тұсті белгілермен белгіленеді. Жүзу шекарасы кеме жолына енбейтін тиіс.

2.3. Әр жағажайдың суға шомылатын орында жүзе алмайтындар шомылуға арналған балаларды жүзуге үйрету үшін терендігі 1,2 м аспайтын айдын бет участекелері жасалады. Аталған участекелер темір арқанға бекітілген желісімен бөлінеді немесе арнаулы қашамен қоршалады.

2.4. Суға тұсу тыйым салынған, соның ішінде бактериялық немесе химиялық залалдануға ұшыраған жерлерге "Суға тұсуге тыйым салынады" деп жазылған белгілер орнатылады.

2.5. Жағажайлар мен су маңындағы демалыс орындарына радио жүргізілуі және оларда мүмкіндікке қарай телефон, радио байланысы болуы керек.

2.6. Су маңындағы көпшілік демалатын орындарда спиртті ішімдіктер сатуға тыйым салынады.

2.7. Жағада, ұйымдастырылған шомылу орындарында, әр 50 м сайын судан 5 м аспайтын жерлерде құтқарғыш шенберлер мен өзге құтқару құралдары ілінген қалқандар қойылады. Шенберлерде "Суға кеткенге лактыр" деген жазу (шенбердің бір бетінде) және жағажайдың аты (шенбердің екінші бетінде) жазылуы керек.

2.8. Жағажайларда және су маңындағы көпшілік демалатын орындарда міндетті түрде алғашқы жедел дәрігерлік жәрдем көрсету үшін кезекші қызметкерлері бар үй-жай жабдықталады. Алғашқы дәрігерлік жәрдем пункті суда апатқа ұшырап, жаракат алғандарға жәрдем көрсетуде қажет құралдармен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуі тиіс.

2.9. Көпшілік суға тұсетін орындарда, жағажайларда, демалыс базалары мен жүзу әуіттерінде судағы қайғылы оқигалардың алдын алуға бағытталған материалдары бар стенділер көрнекі жерлерге жабдықталып қойылады.

Қалқыма дабыл (буй), стенді және белгілерді уақытылы орнату жауапкершілігі су қоймаларының су қоймаларының иелеріне жүктеледі және солардың қаржысына орнатылады.

2.10. Әр жағажайда ол жұмыс істеп тұрған уақытта тәртіп қадағалайтын жағажай әкімшілігінің өкілі болуы керек. 12 жасқа дейінгі балалар жағажайға тек ересектермен бірге және олардың қадағалауымен жіберіледі.

2.11. Суға тұсетін орындарда және ағыстан 500 м жоғары тұстарда кір жууға, аң-құс шомылдыруға тыйым салынады.

## 2.12. Суға тұсушілерге:

- белгінің және қоршаудың сыртына жүзіп шығып кетуге;
- моторлы, желкенді және өздігінен жүрмейтін кемелерге, ескекті қайықтарға жақында п җүзүгे;
- қайықтан, катерден, су белесебетінен, тұрақ және арнайы жабдықталмаған жерлерден суға секіруге;
- мас күйде суға тұсіп, шомылуға;
- тақтаймен, бөренемен, жатпамен, автомашина доңғалағының резенкесімен, доппен және т.б. җүзүге;
- суда сұнгіп, шомылушыларды тартып әкететін ойын ойнауға;
- жағажайға ит және басқа да жануарларды әкелуге;

- су қоймаларын ластауға, қорқытпауға;
- жағада қағаз, банкі, шыны және өзге қоқыстарды қалдыруға қатаң тыйым салынады.

2.13. Жұзу сабактары арнайы бөлінген орындарда ғана өткізілуі тиіс. Суда адам қауіпсіздігін ұйымдастыруға сабак не жаттығу өткізуші оқытушы (нұсқаушы, бапкер, тәрбиеші) жауап береді.

2.14. Топтап жүзуге үйретуде бір уақытта үйренушілердің саны 10 адамнан аспауы керек. Үйренушілер тобына, оқытушыдан басқа, кезекші құтқарушы мен медицина қызметкері үнемі бақылау жасауы тиіс.

2.15. Судағы спорт түрлерімен шұғылданушылардың баршасы құтқару әдістеріне және зардал шегушілерге дәрігерге дейінгі алғашқы жәрдем көрсетуге үйретілген б о л у ы жөн .

2.16. Биіктігі 3 м және одан да жоғары суға секіретін мұнаралар алаңшасына шығу нұсқаушы (бапкер) рұқсатымен және олардың көзінше жүргізіледі.

2.17. Жыл сайын суға тұсу маусымы алдында, соナン соң айына кемі бір рет шомылуға арналған су айдынының табанын сұнгуіршілер тексеріп шығып, болса көлденең заттардан тазартылу керек. Су табанын тексеру және тазарту жұмыстарын ұйымдастыру жағажай иегері немесе су қоймасы бекітілген кәсіпорындар мен ұйымдардың міндептіне кіреді.

Су айдынын тексеру және тазарту жұмысын сұнгуіршілер Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің Суда құтқару орталығы суда құтқару қызметінің облыстық (қалалық) бөлімшелерімен жасасқан келісім шарттарға сәйкес жүргізеді.

Жұмыс аяқталғаннан кейін тапсырыс берушіге жағажай төлкүжаты табыс етіледі.

Тиісті дәрежеде рәсімделген құжаттары жоқ жағажай тексерілмеген, адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті деп есептеледі, ал оларды пайдалануға жол берілмейді.

### **3. Суда балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары**

3.1. Суда балалар қауіпсіздігін сақтауды жергілікті атқарушы органдар қамтамасыз етеді және оған мынадай алдын алу - түсінік шаралар кешенін өткізу арқылы қ о л ж е т к і з і л е д і :

- суға түсетін жерлерді дұрыс таңдау;
- балаларды жүзуге үйрететін су айдыны участеклері мен жағажайларды жа б д ы қ т а у ;
- ведомстволық күзет орындары мен медициналық пункттер ашу;
- балаларды жүзуге үйрететін сабактар ұйымдастыру; суда өзін-өзі ұстау және су нысандарын пайдалану барысында сақтық шараларын сақтау тәртібі туралы

**жүйелі түсінік жұмысын жүргізу.**

3.2. Мектеп лагері, балалар мекемесі жағажайларында суға түсетін жерлерде 9-жасқа дейінгі балаларды суға түсіріп, жүзуге үйрету үшін терендігі 0,7 м аспайтын, сондай-ақ 9 - 11 жастағы және жүзе білмейтін ересек балаларға арнап 1,2 м-ден терең емес су участекелері жасалуы керек.

9 жасқа дейінгі балалардың шомылуына арналған участекелер су бетіне шығып тұратын биіктігі кемі 80 см келетін қоршаумен қоршалады, ал ересек балалар үшін темір арқанға бекітілген қалтқы желімен тартылып тасталады.

Терендігі 2 м дейін баратын жерлерде жасы 12-ден асқан, жақсы жүзе білетін балаларға рұқсат етіледі. Бұл терендіктер бір-бірінен 20 - 30 м қашықтықта орналасқан белгілермен қоршалады.

3.3. Мектеп лагерінің, балалар мекемесінің жағажайы белгіленген санитарлық талаптарға жауап беріп, абаттандырылып, жаға жағынан шарбақ қашамен қоршалып, көлеңкелі қалқалармен жабдықталуы керек.

3.4. Балалар жағажайын ашуға оны жергілікті әкімшілік Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті Суда құтқару орталығының суда құтқару қызметі өкілдерінің қатысуымен құратын арнаулы комиссияның тексеруінен соңғана рұқсат беріледі. Тексеру жөнінде арнаулы акт жасалады.

3.5. Суға шомылу кезіндегі балалар қауіпсіздігінің жауапкершілігі жүзу жөніндегі нұсқаушыға жүктеледі.

3.6. Балаларға шомылуға 10 адамнан аспайтын топпен бірге, жүзе алатын ересектердің қадағалауымен 10 минутке рұқсат беріледі.

3.7. Жүзе білмейтін балалар суға жүзе білетін балалардан бөлек түсіү керек. Мұндай балалардың шомылуын балалар лагерінің не мекемесінің жетекшісі ұйымдастырып, бақылау жасайды.

3.8. Шомылу медицина қызметкерінің және жүзе білетін, суда апатқа ұшырағандарға жәрдем көрсете алатын адамдардың бақылауымен ұйымдастырылады. Шомылуға әдістемелік басшылықты жүзу нұсқаушысы жасайды.

3.9. Сабак жүргізу ынғайлы болуы үшін жағалаудың суға еніп жатқан тұсынан қоршалып алаң жасалады.

3.10. Балалар суға түсіп жатқанда бүкіл жағажай аумағында бөгде адамдардың жүруіне, шомылуына және қайықпен, катермен серуендеуге, ойын, спорт шарапарын өткізуге тыйым салынады.

3.11. Жорық, серуен және экскурсия кездерінде балалардың шомылуы үшін түбі жайпақ, діңгек, түбіртек, қырлы тас, балдыр мен тұнбадан таза таяз тұстар таңдал алынады. Ондай жерлерді сұнги білетін, құтқару және алғашқы жәрдем көрсету әдістеріне ие ересектер тауып, тексеруден өткізеді.

Шомылу аймағының шекарасы белгі, сайғақ, сырғықпен және өзге де

бейімделген нәрсelerмен белгіленіп қойылады.

Шомылу ересектердің бақылауымен барша сақтық шараларын сақтай отырып жүргізіледі.

3.12. Қайықпен, катермен серуендеу ересектердің басшылығымен өтеді. Катер және моторлы қайықтарды жүргізуге жүзбелі құралдарды дербес басқаруга берілген арнайы құқы бар адамдарға жіберіледі.

3.13. - катерге, қайыққа белгіленген нормадан артық жүк алуға;  
- ересектердің еріп жүруінсіз 16-жасқа дейінгі балаларды серуендетуге;  
- 7 жасқа толмаған балаларды серуендетуге;  
- қайықтан суға секіруге, онда тұрып шомылуға;  
- катер, қайық жүріп келе жатқанда оның жиегіне отыруға, орын ауыстыруға, өзге катер, қайыққа ауысып отыруға болмайды.

Катерлер мен қайықтар ақаусыз болуы керек, құтқару құралдарының толық жабдығы, өзге жабдықтар мен мүкеммалдар болуы тиіс.

3.14. Қараңғы түсісімен жағажай әкімшілігі жағалауды сүзіп шығу үшін патруль (кезекші, жауапты адам) бөлуге міндettі.

#### **4. Су өткелдерін пайдалануда қолданылатын қауіпсіздік шаралары**

4.1. Су өткелдерін жасауға рұқсатты жергілікті әкімшілік береді, ол өткелдің жұмыс ретін, сондай-ақ уақыты мен сағатын белгілейді.

4.2. Өткел аялды, паром және тасымал катері құтқару құралдарымен жабдықталуы керек. Күннің қаранғы мезгілдерінде оларда белгі оттар жағылуы тиіс.

4.3. Өткелдің әр аялында суға батқандарға алғашқы жәрдем көрсете алатын кезекші және құтқару мүкеммалы (құтқарушы шеңбер, құтқарушы жіп ұшы, сырық) бар құтқарушы шлюпка (қайық) тұруы тиіс.

4.4. Өткел аялдана мықты ернеу жүргізіледі. Оған түсетін жер жайпақ болуы көрек.

4.5. Аялға жолаушылар мен машиналарды кіргізіп, шығарып тұруды өткел әкімшілігі жүргізеді.

4.6. Өткел аялдарында (өзеннің екі бетінде) көрнекі жерлерге бекеттің кімге тиесілілігі, жауапты адамы, өткелдің жұмыс уақыты мен реті туралы ақпарат жазылған нұсқамалар ілінеді.

4.7. - Паромдарға, моторлы және ескекті қайықтарға жақында жүзуге;  
- аялдан, паром, катер, қайық, шлюпкадан суға қарғуға;  
- паром, катер, шлюпка, қайықтарға артық жүк тиеуге;  
- мас күйде жүзбелі құралдарды жүргізуғе;  
- катер мен қайықта жүріп-тұру тәртібін бұзуға;  
- паром мен тасымал катері жүріп келе жатқанда жолаушыларды

а уыстырып - қағыстырыға;

- құтқару құралдары жоқ жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады.

## 5. Мұз өткелдерін пайдалануда қолданылатын қауіпсіздік шаралары

5.1. Қыс басында, қыс аяғында мұз өткелдерін ашу және жабу уақытын, сондай-ақ оның тәуліктік жұмыс кестесін жергілікті әкімшілік өз өкілдері, өткелге жауапты ұйымның, ауа райы қызметінің, ішкі істер органдары, суда құтқару қызметтерінің және өзге де ынталы ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен тағайындастын арнаулы комиссия белгілейді.

5.2. Өзен, су қоймалары үстімен адам және жүк тасымалдаумен айналысатын ұйымдар мұз ұстасқаннан кейін мұз үстінде жаяу соқпақ, авто және арба көлігі өтетін жол салады, қажетті құтқару жабдығы мен мүкеммалы бар ведомстволық құтқару құзеттерін құрады.

5.3. Өткел үшін бөлінген орындар мына шарттарға сай болуы керек:

- өткелдің кірме жолдары мен еңстер абаттандырылуы тиіс;

- өткелдің екі бетінде, оның ұзына бойынан есептегендеге 20 м жерде мұзарт шоғырланып қалуына және су деңгейінің кенет орта түсіп, не көбейіп кетуіне жол берілмейді;

- өткел бойының мұзы басынан аяғына дейін шыңылтыр қатты, әрі қалыңдығы біркелкі болуы тиіс;

- өткел ауданында (одан оң және сол жаққа 100 м дейінгі жерде) жер асты жылды суы және қайнар су көзі (бастау, бұлак), сондай-ақ ойық, жылым кездеспеуі керек;

- авто және арба көлігі өтетін даңғылдағы қозғалыс тек біржақты болады, қарсы қозғалыс үшін алдыңғы жолға қаз-қатар, одан 40-50 м аралықта дербес жол салынады.

5.4. Өткелдерде кәсіптік мақсатта балық аулау үшін ау салуға, балық аулайтын ойық оюға, тексерілмеген және құзетілмейтін тұстардан өтуге қатаң тыйым салынады.

5.5. Көлік қозғалысының тәртібін, жүк және жолаушы тасымалы нормасын ауа райы қызметінің мұз ұстасу хақындағы болжамдарын, мұз көтеретін салмақтың жоғары шегінің кестелерін ескере отырып өткел әкімшілігі белгілейді.

5.6. Өткелдің жабдықталуы және қутімі:

- өткелге лайықталған тұстар үшін шекарасы бір-бірінен 25-30 м қашықтықта орналасқан сайғақтармен белгіленеді. Сайғақтарға қызыл жалау, жәлем немесе шөп шудасы ілінеді.

- өткелде қауіпсіздік сақтау мақсатында құрамында мұз үстіндегі апат жағдайында көмек көрсетуге қабілетті теңізші-құтқарушылар бар ведомстволық

құтқару                    күзеті                    қойылады;

- өткелде тәулік бойы кезекшілер болуы керек;

- өткел аузына өткелден өту құқы бар көлік түрлері, рұқсат етілетін ең жоғары салмақ, қозғалыс интервалдары мен жылдамдығы, мұзда өзін-өзі ұсташа тәртібі, сондай-ақ басып озуға, көліктің аялдауына тыйым салатын белгілер туралы ақпарат жазылған арнаулы қалқан қойылады;

- өткелдің кірме жолының бойы және өткелдердің өзі жақсы жарықтандырылуы керек;

- қозғалыс үшін қауіпті орындарда, әсіресе елді мекендер маңында, ойық, жылым, т.б. тұсында ең көрнекі жерлерге "Мұз үстімен өтуге рұқсат" және "Мұз үстімен өтуге тыйым салынады" деп жазылған ескертпе белгілер қойылады;

- су қоймасының өткелге түсер аузының екі бетіне құтқару шенберлері, арқан, құтқару сатылары мен тақтайлары ілінген қалқандар қойылады. Оның әрқайсысына "Суға батқан адамға жеткіз" деп жазылады. Қалқанның жанында мұз ойылып кеткен жағдайда жәрдем көрсету үшін ұзындығы 5-6 м, диаметрі 10-12 см бөрнө жатуы керек;

- күн сайын таңертең және кешкілік, ал жылымық күндері күндізгі уақытта мұздың қалындығы өлшемен, оның бүкіл жол бойындағы, әсіресе ағыны қатты, терең тұстардағы құрылымы анықталады;

- мұз еріп, салмақтан ойылып кетпеуі үшін мұз жолының көлік өтетін тұсы жүйелі түрде қардан тазартылып, ал кірме жолға дүркін-дүркін құм, қырышық тас төсөліп отырады.

5.7. Көктем кезінде немесе күн өте жылып кеткенде ауыр жүктерді су жолы арқылы тұнгі, таңертеңгі аязда тасымалдау керек. Өткел арқылы өтетін жүк көлемін екі есе азайту үсүнүлады.

Өткел арқылы өткізу мұз бетінде қызыл су жүре бастағаннан кейін 4-5 күннен соң тоқтатылады. Мұз беріктігін күшейтуде сабан, шөп, қурай сияқты заттарды пайдалануға болмайды.

Мұз өткелі уақытша немесе біржола жабылған жағдайда көрнекі жерге мұз үстіне шығуға тыйым салатын белгілер орнатылады.

## **6. Сырғанақ және ойын аландарын жасау**

6.1. Мұз үстінде сырғанақ және ойын алаңдарын жасаған кезде тереңдігі 100-120 см-ден аспайтын тұстар таңдал алынады. Сырғанақ (ойын алаңы) ауданындағы мұздың қалындығы 25 см-ден кем болмауы керек.

6.2. Сырғанақ аумағы сайғақпен коршалады. Сырғанақ маңына құтқару қуралдары (арқан, тақтай, саты, т.б.) ілінген қалқан орнатылады.

6.3. Сырғанақта тұракты кезекшілік үйымдастырылады.

#### 6.4. Сырғанақ және ойын алаңдарын:

- өнеркәсіп кәсіпорындардың ақаба сұы құйылатын түс маңында;

- ағысы қатты жерлерде;

- суға қатып қалған заттары бар, қамыс, құрақ, т.б. өскен участекерде;
- мұз астынан балық аулайтын, мұзы ойылатын участекерде;
- жылым, бұлақ, бастау маңында;
- көпір астында, бұрылыстарда және қылта жерлерде жасауға тыйым салынады.

## **7. Мұзда қауіпсіздік сақтаудың жалпы шаралары**

7.1. Қатқан суларды арнаулы мұз өткелдері (жаяуларға және авто, арба көлікке арналған) жасалған тұстарда ғана қып өтуге рұқсат етіледі.

Мұндай өткел жоқ жерден өткенде алдымен ол жердегі мұздың беріктігіне көз жеткізіп алу керек. Мұздың беріктігін ағаш келдекті сүйменмен ұрып байқау ұсынылады: қатты ұстасқан мұз 2-3 соққыдан соң ғана ойыла бастайды.

## **МҰЗ БЕРИКТІГІН АЯҚПЕН ҰРЫП БАЙҚАУҒА ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**

7.2. Әлсіз мұз үстімен жүргуге, мұзы шытынаған тұстарға жақындауға, жағадан жұқа мұз үстіне шаңғымен, шанамен, конькимен сырғанап тұсуге болмайды. Мұз жүріп жатқан кезде мұз сынықтарында сырғанауға немесе олар арқылы арғы бетке өтуге, сондай-ақ мұз бетіне ой-шұқыры беймәлім тұстардан, әсіресе жарғабақтан тұсуге болмайды.

7.3. Өзенді (су қоймасын) мұз үстімен тыйым салынған және қауіпті тұстардан кесіп өтуге рұқсат етілмейді, ескертпе қалқандарды мұқият қарап отыру көрек.

Қызыл су жүре мұз үстіне шығуға қатаң тыйым салынады.

## **8. Жүзбе құралдарын жалға беретін стансаларын (пункттерін) құру, күту және пайдалану**

8.1. Жүзбе құралдарын жалға беретін стансаларды (пункттерді) құруға және пайдалануға беруге Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің Суда құтқару орталығымен, мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарымен алдын ала келісе отырып жергілікті әкімшілік рұқсат етеді.

8.2. Қайық тұрағы құтқару шенберлерімен (тұрақ желісінің әр 10 м-не бір шенберден), өзге құтқару құралдарымен және өрт сөндіретін мүкәммалмен жабықталуы көрек.

8.3. Жалға беретін пункт тұрған судың айдын беті шегінен жалдық жүзбе құралдарды шығаруға болмайтын қалқыма белгілермен белгіленеді.

8.4. Әрбір жалға беру стансасының жанынан құтқаруға арналған керек-жарағы, жасақшы-құтқарушылары бар, сондай-ақ радиохабар қондырғысы орнатылған кезекші қайыққа ие құтқару күзеті құрылады.

8.5. Жалға берілетін жүзу құралы міндетті түрде ақаусыз болып, ескек ілмегі, құрал байлан қоятын жіп, су қотаратын ожау және құтқару керек-жарағы

комплектілерімен жабдықталуы керек.

8.6. Жалға беру стансаларының кассалары мен демалушылар жайғасатын орындықтар жағада орналасады. Қайыққа мінгізіп-түсіретін орын оларды күтіп тұратын жерлерден бөлек болады. Мінгізіп-түсіру жалға беру стансасының кезекші-құтқарушысының бақылаумен жүргізіледі.

### **9. Топырақ алу жұмыстары кезінде адамдардың қауіпсіздігін сақтау шаралары**

9.1. Өзен, көл және өзге нысандары жағалауына тақау тұста, әсіресе көвшілік суға түсетін орындарда топырақ алу жұмыстары жергілікті әкімшілікпен, өзен флотының, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті Суда құтқару орталығының тиісті бөлімшелерімен және өзге де ынталы ұйымдармен келісе отырып жүргізілуі тиіс.

9.2. Су толған қазаншұңқырлар маңындағы адам қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ету жұмыс аяқталғанша топырақ аруды жүргізуші ұйымның басшысына жүктеледі.

9.3. Су толған қазаншұңқырлардан топырақ алу аяқталғаннан кейін жағалаудан 1,7 м терендікке дейінгі су табанын тегістеу жүргізіледі.

Көвшілік демалатын орындардағы шағын қазаншұңқырлар топырақ аруды жүргізген кесіпорын, ұйым тарапынан бітелуі (тегістелуі) керек.

### **10. Судағы қауіпсіздік белгілерінің сипаты**

10.1. Судағы қауіпсіздік белгілері су нысандары жағалауына су жиегінде және суда жүрген азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында орнатылады.

10.2. Белгілер әр беті кемі 50 x 60 см болып келетін тікбұрыш пішінді болып келеді және ағаш тақтайдан, қалың фанерден, металл тілсемнен немесе басқа да берік нәрседен жасалады.

Белгілер көрнекі жерлерге қойылады және жерге қадалған бағаналарға (ағаш, металл, темірбетон, т.б.) бекітіледі. Бағаналардың жер бетінен биіктігі кемі 2,5 м болуы керек.

10.3. Белгілерге жазу қара немесе ақ бояумен түсіріледі.

10.4. Судағы қауіпсіздік белгілерінің сипаттамасы:

-----  
-----  
N |      Белгідегі жазу      |      Белгінің жалпы түрі

1. Суға түсетін орын  
(метрмен өлшенгендегі  
шекарасы көрсетіледі)

Жасыл қоршауға алынады. Жазу үстінде  
орналасады. Төменде жүзіп келе жатқан  
адам бейнесі. Белгі ақ бағанға

## бекітіледі.

коршауға алынады.  
орын (метрмен  
өлшегендегі шекарасы  
көрсетіледі).

коршауға алынады.  
орын (метрмен  
өлшегендегі шекарасы  
көрсетіледі).

4. Суға тұсуге болмайды  
(метрмен өлшенгендеңі  
шекарасы көрсетіледі)

5. Сұңгуге болмайды

бағанға бекітіледі.  
жүруіне болмайды.

7. Мұз үстімен жұруге  
болады.

2. Балалар суға тұсетін Жасыл  
Жазу үстінде  
орналасады. Төменде су ішінде тұрган  
екі баланың бейнесі. Белгі ақ бағанға  
бекітіледі.

3. Жануарлар суға тұсетін Жасыл  
Жазу үстінде.  
Төменде жүзіп келе жатқан ит бейнесі.  
Белгі ақ бағанға бекітіледі.

Қызыл қоршауға алынады. Жазу үстінде.  
Төменде жүзіп келе жатқан адам  
бейнесі. Бейне жоғарыдағы сол  
бұрыштан бастап қызыл белдеумен  
айқара сызылады. Белгі қызыл бағанға  
бекітіледі.

Қызыл қоршауға алынады. Жазу үстінде.  
Төменде сұңгіп бара жатқан адам  
бейнесі. Бейне жоғарыдағы сол  
бұрыштан бастап қызыл белдеумен  
айқара сызылады.

6. Жұзбе құралдардың Белгі қызыл  
қызыл  
коршауға алынады. Жазу үстінде,  
төменде ілме моторлы шағын кеме  
бейнесі. Бейне жоғарыдағы сол  
бұрыштан бастап қызыл белдеумен  
айқара сызылады. Жүзіп келе жатқан  
адам бейнесі. Жағажайдың айдын бетін  
қоршайтын белгілермен қатар қойылады.  
Тұтастай жасылмен боялады. Жазу  
ортасында, ақ тұсті. Белгі ақ бағанға  
орнатылады.

8. Мұз үстімен жүргүре болмайды.  
орнатылады.

Тұтастай қызыл түске боялады. Жазу ортасында, ақ түсті. Белгі ақ бағанға

## **11. Қазақстан Республикасының ішкі сулары мен теніз жағалауына тақау участкерлерде адам өмірін қорғау тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік**

11.1. Осы Тәртіпті бұзғаны үшін тәртіпке шақыру, материалдық және әкімшілік жауапқа тарту белгіленеді.

11.2. Осы Тәртіп талаптарының орындалуына бақылау жасау жергілікті әкімшілік органдары мен Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің Суда құтқару орталығының бөлімшелеріне жүктеледі.

11.3. Суда адам өмірін қорғау Тәртібінің орындалуына бақылау жасау өкілеттіліктерін жүзеге асыру үшін Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеттің Суда құтқару орталығы қызметкерлеріне:

- меншіктің барлық түріндегі ұйымдарға суда қауіпсіздік талаптарын және нормалық-құқықтық, нормалық-техникалық актілерді сақтау шараларын бұзу фактілері бойынша орындалуы міндетті ұйғарымдар жіберу;

- көпшілік пайдаланатын су нысандарына, судағы көлік құралдары мен өткелдерге келісім-шарт негізінде техникалық куәландырулар жүргізу, оларды пайдалануға тығым салу, азаматтар, меншіктің барлық түріндегі ұйымдар мен кәсіпорындарға олар қауіпсіздік ережесін бұзған жағдайда белгіленген тәртіппен әкімшілік шара қолдану;

- суда төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған шараларды талдап жасап, өткізу бойынша меншіктің барлық түріне жататын ұйым, кәсіпорындардың ведомствоның құтқару стансалары мен күзеттері қызметіне бақылау жасау;

- штормдық ауа райы қарсаңында және суға тұсуге арналған аудан шекарасынан шығып кеткенде немесе спортшылар жаттығуға көтер не моторлы қайықтың еріп жүруінсіз шығып кеткенде барлық шағын кемелерді айлақ-тұрағына қайтару құқы беріледі.

11.4. Құтқару қызметі өкілдерінің суда қауіпсіздік сақтау шаралары туралы нұсқаулары: жағажай, демалыс базалары, жүзу әуіттері, басқа да су нысандары әкімшіліктері үшін; соларды пайдаланушы барлық азаматтар үшін; шағын кемелерді жүргізушілер үшін, сондай-ақ меншіктің қай түріне жататындығына қарамастан ұйымдардың басшыларына міндетті болып табылады.